



ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҰЛТТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



әрбір бала үшін
for every child
для каждого ребенка

Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар
Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және ҚДСҮО-
ның 2018-2020 жылдарға арналған бірлескен жұмыс
жоспарын іске асыру шеңберінде, балалар ағзасындағы
қорғасынның мөлшері жөніндегі WP/KAZ/2018 /014/2020
«Балалар, жасөспірімдер және отбасылар үшін теңдік
және инклюзия» және «Балаға қолайлы әлеуметтік орта»

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

НҰР-СҰЛТАН
2022

82
Pb
Plumbum
207.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының
Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және ҚДСҰО-ның 2018-2020 жылдарға
арналған бірлескен жұмыс жоспарын іске асыру шеңберінде,
балалар ағзасындағы қорғасынның мөлшері жөніндегі WP/
KAZ/2018 /014/2020 «Балалар, жасөспірімдер және отбасылар үшін
теңдік және инклюзия» және «Балаға қолайлы әлеуметтік орта»

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

ӘОЖ: 616-036.2:616-099-053.2

Талдамалық есеп 2022 жылғы 09 науырызында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы"
ШЖҚ РМК Басқарма төрағасының м. а. м. ғ. к. Ж. Қалмақовамен бекітілді

ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

ОРЫНДАУШЫЛАР

| | |
|---|---|
| Инфекциялық емес ауруларды алдын алу департаментінің Инфекциялық емес аурулардың тәуекел факторларының мониторингі бөлімінің Бас маманы | К.К. Әлімбетов (реферат, бөлімдер, қорытынды, қосымшалар) 09.03.2022 |
| Скринингтік бағдарламаларды талдау бөлімінің басшысы | Г.И. Конуршина (есептің барлық бөлімдерінің редакциясы) 09.03.2022 |

БІРЛЕСІП ОРЫНДАУШЫЛАР

| | |
|---|---|
| Медицина ғылымдарының докторы | Е.Т. Токбергенов (қорытынды, түйіндер) 09.03.2022 |
| Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент | К.А. Аскаров (қорытынды, түйіндер) 09.03.2022 |

НОРМАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

| | |
|---|--------------|
| Басқарма төрағасының кеңесшісі, БҒД | Б.С. Имашева |
| Білім және кәсіби даму бөлімінің басшысы, PhD | К.А. Раисова |

РЕФЕРАТ

Еп 36 парақта, 10 суреттен, 7 кестеден,
10 дереккөзден, 5 қосымшалардан тұрады.

КИЛТ СӨЗДЕР **ҚОРШАҒАН ОРТА, ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ, ЛАСТАНУ ОБЪЕКТІСІ, ЫҚПАЛДЫҢ ДЕҢГЕЙІ, ШОҒЫРЛАНУЫ, ДЕНСАУЛЫҚҚА ТӘУЕКЕЛДІ БАҒАЛАУ, КАНЦЕРОГЕНДІК ӘЛЕУЕТ, ТӘУЕКЕЛДІҢ ЖАРАМДЫ ДЕҢГЕЙІ, ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

Зерттеу объектілері ретінде 4 қала ұсынылды: республикалық маңызы бар қалалар - Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және облыс орталығы Қарағанды қаласы. Зерттеу барысында, дала жұмыстарын өткізу кезінде аталған қалалардың емхана ұйымдарында балалардан қан алу және олардың ресми өкілдеріне сауалнама жүргізу жұмыстары жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты – балалар арасында қорғасынмен уланудың таралуы (болуы) бойынша эпидемиологиялық жағдайды бағалау.

Зерттеудің әдіснамасы ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін, олардың ресми өкілдерін бұрын әзірленген сауалнаманы жүргізе отырып, балалардан көктамыр қаны сынамаларын алудан тұрды. Алынған мәліметтер Ері info бағдарламасы аясында, статистикалық талдау кезеңінен өтеді.

Зерттеуді жоспарлау барысында, 3 нөлдік гипотеза қарастырылды:

1. көлік құралдары көп жинақталған, халық ауыр металдармен, соның ішінде қорғасынмен созылмалы улануға барынша бейім болатын өнеркәсіптік аймақтар мен еліміздің өңірлерінде;
2. қорғасынмен улану жынысы бойынша ерекшеленбейді;
3. және тұрмыстық ыдыстар, балалар ойыншықтары, косметика және басқа да тұрмыстық заттар қорғасынмен улану көздері болуы мүмкін.

Бұл зерттеудің жаңалығы соңғы 30 жыл ішінде Қазақстанда мұндай зерттеу жүргізілмегендігінде, мұны F3Ж аясында жүргізілген, осы тақырыпқа арналған мақалаларға жасалған шолу дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері балалардың денесінде қорғасынды анықтау үшін, скрининг қажет екендігін көрсетеді. Бұл ретте, біз келесі қорытындыға келдік және өңірлердің урбанизациясы мен индустриялануына байланысты тәуекел факторлары: қоршаған ортадағы ауыр металдар тұздарының (топырақ, су, ауа, өсімдік өнімдері, азық-түлік) мөлшерін бағалау үшін кеңейтілген жалпыұлттық зерттеу жүргізуді ұсынамыз.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| ОРЫНДАУШЫЛАР ТІЗІМІ | 3 |
| РЕФЕРАТ | 4 |
| МАЗМҰНЫ | 5 |
| ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕНІМДЕР ТІЗІМІ | 6 |
| АЛҒЫС БІЛДІРУ | 7 |
| КІРІСПЕ | 8 |
| Өзектілігі | 9 |
| Әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы қорғасынның балалар ағзасына ықпалы туралы бұрынғы зерттеулерге шолу (Ұқсас жарияланымдармен талқылау). | 11 |
| Нөлдік гипотезалар | 12 |
| Аталмыш зерттеуді жүргізу аясындағы шектеулер. | 13 |
| Зерттеудің мақсаты | 14 |
| Мақсатқа жету үшін қажетті зерттеудің міндеттері | 14 |
| Ғылыми жаңалығы | 14 |
| Практикалық маңыздылығы | 15 |
| Зерттеудің әдісі және объектісі | 15 |
| НЕГІЗГІ БӨЛІМ | 16 |
| Далалық жұмыстары | 16 |
| Далалық жұмыстарын орындау кезіндегі шектеулерді шешу жолдары | 16 |
| Ері info статистикалық талдау бағдарламасының көмегімен алынған, талданған мәліметтердің сипаттамасы | 18 |
| Қорғасынмен уланудың ықтимал тәуекел факторларының таралуы және олардың қандағы қорғасын деңгейімен байланысы | 26 |
| ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ | 31 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 34 |
| Түйіндер | 34 |
| Ұсынымдар | 35 |
| ҚОЛДАНЫЛҒАН КӨЗДЕР ТІЗІМІ | 36 |
| ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ | 37 |

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ

ҚР ДСМ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
Министрлігі

ҚДСҰО Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығы

«АМУ» АҚ «Астана Медицина университеті» Акционерлік қоғамы

«ОЖА» АҚ «Орталық жол ауруханасы» Акционерлік қоғамы

ШЖҚ РМК Шаруашылықты жүргізу құқындағы Республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

ЖШС Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

PhD Philosophiæ Doctor – философия докторы (ғылыми
дәреже)

м.ғ.д. Медицина ғылымдарының докторы

ОЖЖ Орталық жүйке жүйесі

ДКӨБИ Денсаулық көрсеткіштерін өлшеу және бағалау
институты

АҚШ Америка Құрама Штаттары

ҚазҰМУ Асфендияров С.Ж. атындағы Қазақ Ұлттық медицина
университеті

мкг/дл децилитрге микрограмм (өлшем бірлігі)

Эпиджағдай Эпидемиологиялық жағдай

ЦПП Цинк-протопорфирин

АЛҚД Аминолевулин қышқылының дегидратазасы

ЭПП эритропротопорфирин

BLL Blood lead leve – Қандағы қорғасынның деңгейі

РГФ Rg-флюорометрия

АЛҒЫС БІЛДІРУ

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы (ҚДСҰО) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне және облыстық денсаулық сақтау басқармаларына, зерттеуді жүргізу кезінде көмек бергені үшін шексіз алғысын білдіреді.

ҚДСҰО Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорына (ЮНИСЕФ) және оның қолдауымен осы зерттеуді жүргізген ұжымына ерекше алғысын білдіреді.

ЮНИСЕФ ұсынған халықаралық сарапшылардың жобасы бойынша жұмысқа қосқан үлесін атап өту қажет:

Зиад Каззи – м.ғ.д., шұғыл медициналық көмек кафедрасының доценті, Эмори университетінің медициналық токсикология бойынша халықаралық докторлық стипендиясының директоры, Джорджия токсикология орталығының медициналық директорының көмекшісі.

Андрия Надирадзе – Грузиядағы ЮНИСЕФ статистика және мониторинг жөніндегі бағдарламаларының үйлестірушісі.

Осы есепті дайындауға қатысқан сыртқы сарапшыларға шын жүректен алғысымызды білдіреміз:

Галина Башинская – Нұр-Сұлтан қаласының №1 қалалық аурухананың клиникалық токсикологы.

Жанғазина Алмагүл – «ЦДБ» АҚ эпидемиологы. АМУ АҚ тамақтану кафедрасының кеңесші-диетологы. «Orkin Kazakhstan» ЖШС дезинфектор-дәрігері.

Төлеубеков Берік – медицина ғылымдарының докторы PhD(c), Лунд университеті, Лунд, Швеция, жалпы хирург.

КІРІСПЕ

Қорғасын – жер қыртысында кездесетін табиғи улы металл. Қорғасынды кеңінен қолдану, әлемнің көптеген бөліктерінде адамдарға жағымсыз әсерлер мен қоғамдық денсаулықтың айтарлықтай проблемаларына әкелді.

Қоршаған ортаны ластаудың маңызды көздеріне, қорғасын өндіру, балқыту, өнеркәсіптік пайдалану, қайта өңдеу және кейбір елдерде қорғасын бояуы мен қорғасынды авиациялық бензинді пайдалануды жалғастыру жатады. Әлемде қорғасынды тұтынудың төрттен үш бөлігі, моторлы көліктерге арналған қорғасын-қышқылды аккумуляторлардың өндірісіне келеді. Қорғасын пигменттер, бояулар, дәнекерлеу, витраждар, қорғасын кристалды ыдыстар, оқ-дәрілер, керамикалық жылтырақ, зергерлік бұйымдар, ойыншықтар жасауда, сондай-ақ кейбір косметика және дәстүрлі медицина сияқты көптеген басқа өнімдерді өңдеуде қолданылады.

Кішкентай балалар қорғасынның улы ықпалына өте сезімтал болады, олардың денсаулығы орталық жүйке жүйесінің дамуына әсер ететін, терең және тұрақты теріс өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Қанда қорғасынның «қауіпсіз» шоғырлануы болмайды; тіпті қандағы қорғасынның деңгейі 5 мкг/дл-ге дейін төмен болса да, балалардың интеллектуалды төмендеуіне, мінез-құлқы проблемаларына және оқу қиындықтарына әкелуі мүмкін. Қандағы қорғасын деңгейі жоғарылаған сайын симптомдар мен салдарлардың спектрі мен ауырлығы артады.

Денсаулықты бағалау және көрсеткіштерді өлшеу институты (ДБКӨИ), 2019 жылы әлем бойынша қорғасынның ағзаға ұзақ мерзімді жағымсыз әсерлерімен, 900 000 өлім және 21,7 миллион мүгедектікке бейімделген өмір жылы (DALY) бір бірімен байланысты болды деп есептеді. Ең үлкен ауыртпашылық, табысы төмен және орташа елдерде болды. Сонымен қатар, ДБКӨИ бағалауы бойынша, 2019 жылы қорғасынның денсаулыққа әсер етуі, әлемдегі 62,5% ақыл-ой кемістігінің идиопатиялық формаларының дамуына, гипертониямен байланысты, 8,2% жүрек ауруларының және 7,2% коронарлық артерия ауруларының, инсульт ауыртпалығының 5,65% дамуына әкеліп соқтырды.

Дүниежүзілік денсаулықты сақтау ұйымы қорғасын жөнінде:

1. Қорғасын – улы зат, оның жинақталуы ағзаның бірқатар жүйелеріне әсер етеді және әсіресе жас балалар үшін зиянды болып табылады.
2. Ағзада қорғасын миға, бауырға, бүйрекке, сүйекке түседі. Уақыт өте келе қорғасын тістер мен сүйектерде жиналады. Адамдарға ықпал етуі, әдетте қандағы қорғасын деңгейін өлшеу арқылы анықталады.
3. Сүйектерде жиналған қорғасын, жүктілік кезінде қанға түсіп, дамып келе жатқан ұрықтың әсер ету көзіне айналады.
4. Денсаулыққа қауіп төндірмейтін қорғасынның концентрациясы жоқ.
5. Қорғасынның ықпалының алдын алуға болады ¹.

Қазақстан Республикасы өнеркәсібі дамыған мемлекет болып табылады, елде көптеген пайдалы қазбалар, соның ішінде қорғасын өндіріледі және өңделеді. Қазақстанның бірқатар аймақтары металлургия өнеркәсібіне маманданған. Қазақстанның Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды (Жезқазған), Түркістан (Шымкент) және басқа да облыстары сияқты аймақтарында металлургиялық кен орындар, тау-кен байыту комбинаттары және өңдеу кәсіпорындары бар.

Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында, Өскемен қаласында «Қазақстан алюминийі» АҚ және «ҚазЦинк» АҚ өндірістік нысандары орналасқан, нәтижесінде атмосфераға зиянды шығарындылар, соның ішінде қорғасын шығарылады. Өскемен қаласының атмосфералық ауасының құрамындағы қорғасынның канцерогенді емес әсерлердің даму қаупі бойынша, белгіленген эталондық шоғырлануларға сәйкес, жедел және созылмалы ингаляци-ялық әсерлердегі, әрекетінің бағыты, тыныс алу мүшелеріне қатысы маңызды ².

Өзектілігі

2018 жылы ЮНИСЕФ, Грузияның Ұлттық статистикалық басқармасымен бірлесіп, балалардағы қорғасынмен улану бойынша ең ірі зерттеу жүргізді. Нәтижелер өте алаңдатарлық болды: Грузияда балалардың 41 пайызында, қандағы қорғасын деңгейі 5 мкг/дл-ге тең немесе одан да жоғары. Грузин балаларының 16 пайызында қорғасын деңгейі 10 мкг/дл-ден жоғары болды ³.

1-ші кестеде 2018-2020 жылдарға арналған жалпы балалық шақтағы аурушаңдық бойынша ақпарат берілген. Бұл аурулардың пайда болуы кезінде қорғасынмен уланудың белгілі бір үлесі болуы мүмкін.

Қорғасын көрсетілетін белгілері жоқ «үндемейтін, тыныш у» екенін ескере отырып, оны ағзада анықтау үшін көктамыр қан анализі қажет, ал адам ағзасынан қорғасынды кетіру үшін хелационды терапия күшті жағымсыз жанама әсерлерге ие және ауыр жағдайларда ғана қолданылады. Балаларды қорғасын интоксикациясынан құтқарудың жалғыз нақты жолы – оны алды алу.

Бұл зерттеу, тұрғындар арасында қорғасын интоксикациясының таралуы тұрғысынан эпидемиологиялық жағдайды талдауға мүмкіндік береді.

| Дерт туралы жалпы түсініктің атауы | Есеп беру кезеңі | | | | | | | | |
|---|------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| | 2018 | | | 2019 | | | 2020 | | |
| | 0-14 жас | 15-17 жас | 18 жас | 0-14 жас | 15-17 жас | 18 жас | 0-14 жас | 15-17 жас | 18 жас |
| Тыныс алу жолдарының аурулары | 59 920,3 | 42 164,7 | 14 472,0 | 52 667,2 | 33 471,6 | 10 141,5 | 45 715,7 | 27 445,2 | 13 027,9 |
| Асқорыту жүйесінің аурулары | 9 420,1 | 11 241,7 | 7 923,0 | 6 865,9 | 6 566,2 | 2 956,5 | 6 947,5 | 6 864,3 | 2 794,8 |
| Жүйке жүйесінің аурулары | 6 201,4 | 7 730,3 | 3 542,7 | 3 245,4 | 3 070,6 | 1 213,6 | 2 897,1 | 2 553,8 | 1 326,6 |
| Қан айналымы жүйесінің аурулары | 520,1 | 2 611,1 | 23 785,2 | 239,3 | 1 109,0 | 4 003,5 | 191,6 | 947,8 | 4 378,6 |
| Гемопэтикалық денелердің, қанның аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзушылықтар | 6 112,9 | 6 748,5 | 2 289,6 | 3 447,3 | 3 111,6 | 848,3 | 2 536,0 | 2 502,8 | 870,0 |
| Эндокриндік аурулар, тамақтанудың бұзылуы және метаболкалық бұзылулар | 1 568,6 | 4 183,9 | 6 006,8 | 752,8 | 1 646,0 | 1 023,5 | 588,0 | 1 279,2 | 1 162,4 |
| Сыртқы себептердің жарақаты, улануы және басқа да салдары | 2 681,0 | 5 064,6 | 3 021,7 | 2 549,0 | 4 840,8 | 2 968,1 | 2 362,6 | 4 164,8 | 2 870,3 |
| Барлығы | 86 424,4 | 79 744,8 | 61 041,0 | 69 766,9 | 53 815,8 | 23 155,0 | 61 238,5 | 45 757,9 | 26 430,6 |

Ескерту: аурулар қорғасынның аздаған физиологиялық әсер ету мүмкіндігін ескере отырып тандалған.

Әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы қорғасынның балалар ағзасына әсері туралы бұрынғы зерттеулерге шолу (Ұқсас басылымдармен талқылау)

Америка Құрама Штаттарындағы зерттеулерге шолулар көрсеткендей (2012, 2015 ж.) қорғасынның ықпалын бақылау үшін, әртүрлі еңбекті қорғау және қауіпсіздік шаралары қабылданғанымен, қорғасынмен улану жағдайлары әлі де хабарлануда. Қорғасынмен улану, әсіресе дамушы елдерде денсаулыққа елеулі қауіп ретінде танылды. Қорғасынның экспозициясы гемопэтикалық, бүйрек, репродуктивті және орталық жүйке жүйелеріне, ең алдымен, тотығу стрессінің жоғарылауы арқылы әртүрлі зиянды әсер етеді.

Бұл өзгерістер аурудың көріністерінде маңызды рөл атқарады. Қорғасын белгілі бір дәрежеде АҚШ және Канада сияқты елдерде бақыланса да, ол әлі де дамушы елдерде кеңінен қолданылады. Бұл, ең алдымен, қорғасынның бірегей физикалық-химиялық қасиеттеріне ие болғандығына байланысты, қорғасынды адамдар тарихи уақыттан бері оның артықшылықтарын көптеген қолданбаларға жарамды етіп, пайдаланып келеді, сондықтан ол жалпы қоршаған ортаның жай ластаушысы болып кеткен ^{4,5}.

Ресейлік ғалымдардың клиникалық зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, қорғасын жүктіліктің барлық кезеңдерінде плацента арқылы оңай өтіп, ұрықтың денесінде жиналады. Ұзақ уақыт бойы қорғасынмен байланыста болған ананың емшек сүті де баланың улануының көзіне айналуы мүмкін ⁶.

М.ғ.д. Т.С. Чернякина 2006 жылғы зерттеулерінде, Санкт-Петербург қаласының қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі жыл сайын көлік құралдарының шығарындылары есебінен артып, барлық әкімшілік аудандарға таралатынын хабарлайды. Қорғасын да басым ластаушы заттардың қатарына жатады. Сонымен қатар, Санкт-Петербургтің орталық бөлігінің балалар халқының едәуір бөлігі атмосфералық ауаны ластаушы заттардың созылмалы әсерінің ең қолайсыз жағдайында өмір сүріп жатыр. Қаланың барлық бала тұрғындарына ыстық су құбырының құрамындағы химиялық заттардың әсер ету қаупі бар ⁷.

2008 жылы Флинт қаласы (Мичиган, АҚШ) қаржылық дағдарыстан қатты зардап шекті. Ақшаны үнемдеу мақсатында, қала Гурон көлінің сапалы суын ағызып, Флинт өзенінің суын уақытша пайдалануға көшті. Флинт өзені ондаған жылдар бойы өнеркәсіптік ағынды сулар үшін пайдаланылды. Оның құрамында хлоридтің және басқа да зиянды заттардың жоғары концентрациясы болды, Гурон көлінің суынан он тоғыз есе коррозиялық болды. Көп ұзамай ғалымдар Флинтте 300-ге жуық ауыз су сынамасын сынап көрді және 30-ға жуық үлгіде қорғасынның жоғары деңгейі анықталды. Нәтижесінде дәрігерлер бұл қалада тұратын 1 мен 18 жас аралығындағы 12 мың баланың қорғасыннан улану фактілерін растады. Зерттеулер қорғасынның әсері кем дегенде 6000 баланың денсаулығына әсер еткенін көрсетті. Ла-

станған суға ұшыраған тұрғындардың саны ондаған мыңды құрайды⁸.

Өкінішке орай, Қазақстанда соңғы онжылдықта, бәлкім, тәуелсіздік алғаннан бері де қорғасынмен улану мәселесіне қатысты жарияланымдар аз болды.

Дегенмен, жарияланымды шолу кезеңінде біз қорғасынды қамтитын клиникалық сынақтар туралы кейбір мақалаларды таба алдық.

2012 жылы Шымкент қаласында жүргізілген ҚазҰМУ зерттеуінің нәтижелері көрсеткендей, балалардың қанындағы қорғасынның орташа мөлшері 10 мкг/дл құрайды, 53%-да қорғасынның 13,0 ± 0,5 мкг/дл-ге дейін айтарлықтай асып кетуі байқалады. Шымкенттегі жасөспірімдерде тексерілген 48 адамның 18-нің қанындағы қорғасынның мөлшері рұқсат етілген мөлшерден асып түседі, яғни 10 мкг/дл жоғары.

Қорғасын тасымалдауға арналған қан сынағы балалардағы қорғасынның орташа мөлшері 10,9 ± 0,5 мкг/дл диапазонында екенін көрсетті. Бұл ретте тексерілген балалардың 53%-да қандағы қорғасынның мөлшері 13,0±0,44 мкг/дл деңгейінде болды, бұл нормативтік мәндерден 8%-ға жоғары. Жасөспірімдердің қанындағы қорғасынның орташа деңгейі 8,48 ± 2,1 мкг/дл диапазонында болды, жасөспірімдердің 40%-да 12,3 ± 2,2 мкг/дл деңгейінде болды.

Сонымен бірге, есеп беруде Шымкент қорғасын зауытының маңында санитарлық-қорғау аймағы мен тұрғын үй алаптарының жоқтығы туралы айтылған. Балалар мектебі және мектепке дейінгі мекемелер өндірістік аймаққа тікелей іргелес орналасқан, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың (6-7 жас) және мектеп оқушыларының (14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер) қанындағы қорғасын деңгейлері рұқсат етілген деңгейден асып түседі, яғни 10 мкг/дл жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр⁹.

Айта кету керек, біз қарастырған көптеген мақалалар ағзадағы қорғасынның ағзада жалпы болуы мүмкін деген мәліметті айқындап отыр. Дегенмен, бұл мақалалар балалар арасында қорғасынмен уланудың таралуын қарастырмаған. Бұған мысал ретінде «Оқшауланған және аралас әсер ету кезінде мидағы ликвордың түзілуіне қорғасын мен алкогольдің әсері» мақаласын келтіріп айтуға болады¹⁰.

Нөлдік гипотезалар

Осы зерттеуді жоспарлау барысында біз келесі негізгі нөлдік гипотезаларды алға тарттық:

1. өнеркәсіптік өңірлерде және көлік құралдары көп жинақталған республика аймақтарында халық ауыр металдармен, соның ішінде қорғасынмен созылмалы улануға барынша бейім;
2. Қорғасынмен улану жынысына қарай ерекшеленбейді;
3. Тұрмыстық ыдыстар, балалар ойыншықтары, косметика және басқа да тұрмыстық заттар қорғасынмен улану көздері болуы мүмкін.

Осы зерттеу аясындағы шектеулер

- Осы зерттеу барысында бүкіл әлемде коронавирустық пандемия (COVID-19 пандемиясы) жарияланды.
 - › Зерттеу үшін ең қажетті аймақтарда қозғалысқа шектеулер қойылды.
 - › Нәтижесінде Өскемен, Павлодар, Теміртау, Жезқазған және Көкшетау қалалары (анықтамалық қала ретінде) зерттеуден шығарылды.
- Вакцинацияға қарсы науқандардың көбеюі, нәтижесінде тұрғындар тарапынан жүргізіліп жатқан зерттеулерге сенімсіздік тудырды және әлеуметтік желілерде теріс жарияланымдарды тудырды.
 - › Зерттеуге арналған қаржылық қолдау шығындардың бір бөлігін өтей алмады.
 - › Зерттеуге қатысушыларды ынталандыру үшін ешқандай қор қарастырылмаған.
- Интервьюерлер мен флеботомистерді (қан үлгілерін алатын медицина қызметкерлері) үй шаруашылығына ауыстыру қоры жоқ.
- COVID-19 пандемиясына байланысты, халықтың еркін қозғалысы мен өзара әрекеттесуіне үкіметтің шектеулеріне байланысты іріктеу репрезентативтілігі мінсіз емес.
 - › Биологиялық сұйықтықтардың (қан) сынамаларын алу және сауалнамаларға, зерттеуге қатысу үшін тұрғындардың өтініші бойынша, қалаларды зерттеу үшін, таңдалған емхана ұйымдарында жүргізілді.
 - › Қажетті жас ауқымындағы респонденттердің жоспарланған санын (1000 адам) жұмысқа тарту мүмкін болмады. Осыған байланысты балалардың жас аралығын ұлғайту туралы шешім қабылданды.
- Зерттеу Қазақстанның 4 қаласында ғана жүргізілді, сондықтан оның нәтижелерін бүкіл қала балаларына экстраполяциялау мүмкін болмады. Қатысушылар әртүрлі дереккөздерден зерттеу фактісі туралы білгеннен кейін, өздерінің өтініштері негізінде жұмысқа қабылданды. Яғни, іріктеу принципі кездейсоқ болған жоқ.

Зерттеу мақсаты

Қазақстан Республикасындағы балалар арасында қорғасын интоксикациясының таралуы (болуы) бойынша эпидемиологиялық жағдайды бағалау.

Зерттеу мақсаттары

- Көктамыр қанындағы қорғасын деңгейі шекті мәндерден (5 және 10 мкг/дл) асатын балалардың үлесін анықтау.
- Балалар арасында қорғасынмен улану қаупі факторларының таралуын бағалау.
- Бала ағзасындағы қорғасынның жоғарылауы мен демографиялық қауіп факторлары арасындағы байланысты орнату.

Мақсат пен міндетке жету үшін қажетті жұмыс кезеңдері.

- Деректерді жинау бойынша дала жұмыстарын жүргізу.
 - › Осы зерттеу аясында интервьюерлер мен флеботомистерге қан сынамаларын алу және сұрақ қою ерекшеліктеріне нұсқау беру (оқыту).
 - › Балалардың қанындағы қорғасын деңгейін зертханалық зерттеу үшін, амбулаториялық-емханалық ұйымдарда қан алу арқылы клиникалық анықтау;
 - › Бұрын әзірленген сауалнама бойынша зертханалық талдау үшін, қан алынған балалардың ресми өкілдеріне сұрақ қою арқылы әлеуметтік зерттеу жүргізу.
- Алынған зертханалық мәліметтерді талдау.
- Әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне талдау жүргізу (сауалнама жауаптарына талдау жүргізу).
- Алынған нәтижелерді салыстыру арқылы, зертханалық және жеке мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізу.
- Қазгидромет мәліметтері бойынша, аймақтар бойынша қоршаған ортаның гигиеналық көрсеткіштерін талдау.
- Қазақстан Республикасындағы балалар арасында, қорғасынмен уланудың алдын алу бойынша практикалық ұсыныстар беру.

Ғылыми жаңалығы

Қазақстан Республикасында алғаш рет, балалар арасындағы қорғасынмен уланудың эпидемиологиялық жағдайын бағалау бойынша зерттеу жүргізілді.

Практикалық маңызы

Бұл зерттеуді жүргізу таңдалған аймақтардағы қорғасынмен уланудың таралуы тұрғысынан эпидемиологиялық жағдайды бағалауға, осы интоксикацияға әкелетін санитарлық-гигиеналық проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қорғасынмен улану деңгейі бойынша жүргізілген клиникалық және әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша алдын алу шаралары бойынша практикалық ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің әдістері мен объектісі

Зерттеудің әдістемесі ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін, бұрын әзірленген сауалнама бойынша олардың ресми өкілдерін сұрай отырып, балалардан көктамыр қан үлгілерін алудан тұрды. Зертханалық зерттеулер «Invitro» зертханалық желісінде, индуктивті байланысқан аргон плазмасы (ICP MS) бар масс-спектрометрия арқылы жүргізілді. Созылмалы қорғасынмен улану, оның веноздық қан үлгісіндегі концентрациясымен анықталды, децилитрде 5 микрограммға (5 мкг/дл) тең немесе одан жоғары болған жағдайда.

Зерттеу объектілері 4 қала: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент – республикалық маңызы бар қалалар және облыс орталығы Қарағанды қаласы. Зерттеу барысында дала жұмыстары барысында аталған қалалардың емхана ұйымдарында балалардан қан алу және олардың ресми өкілдерінен сұрау жұмыстары жүргізілді. Статистикалық әдіс арқылы алынған деректерді өңдеу үшін Epi info статистикалық талдау бағдарламасы пайдаланылады.

Далалық жұмыстары

Далалық жұмыстары - зерттеу үшін таңдалған аймақтарда, белгілі бір критерийлер бойынша (біздің жағдайда, жас) таңдалған, популяция топтары арасында биологиялық сұйықтықтардан (біздің жағдайда көктамыр қаны) сынама алу.

Зерттеуге 5 және 7 жас аралығындағы балаларды тарту жоспарланған. Алайда, 2021 жылдың қарашасынан бастап, дала жұмыстарын жүргізу кезінде COVID-19 пандемиясына байланысты, эпидемиологиялық жағдайға байланысты зерттеуді жүргізуде белгілі бір кедергілер пайда болды.

Далалық жұмысты барысындағы шектеулерді шешу жолдары

1. Емхана ұйымдарындағы жұмысты ұйымдастыруға байланысты қиындықтарды шешу үшін аумақтық денсаулық сақтау басқармаларынан көмек сұрады. Соның нәтижесінде жұмыс қарқынды жүре бастады.
2. Осы зерттеу бойынша ақпараттық материалдарды жариялау арқылы түсіндіру жұмыстарын бастадық.

Коммуникациялық материалдар таратпа материал ретінде ақпараттық парақшалар (1-сурет) және зерттеудің негізгі жарнамасы ретінде бейнеролик түрінде әзірленді. Екі өнім де Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған (<https://media.hls.kz/ru/videos?start=20>).

Шақырылған сарапшы-токсиколог Г.Н. Башинскаяның (Астана қаласының штаттан тыс бас токсикологы) қатысуымен, Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында

ҚОРҒАСЫН — «НЭСІЗ» ҰЛТ

Қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алу үшін зерттеу жүргізіліп отыр. Зерттеу нәтижесінде балалардың денсаулығын бақылауға және қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ҚАҢДА ҚОРҒАСЫННЫҢ «КІШІСІЗ» ШЫҒЫРЫНЫҢЫЗ БОЛУЫҢЫЗДЫ БІЛГІЗЕ АЛҒЫҢЫЗ

Қорғасын — өзі біздің айналасымызда бар (СДЭЗ немесе БУ) байланысты аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бірақ қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСУЫҢЫЗДЫ СУРАЙМЫЗ!

Жаңа зерттеу жүргізіліп отыр. Зерттеу нәтижесінде балалардың денсаулығын бақылауға және қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

АЙМАҚ БУРҒАУЫНДА ТІРІСТІ ҚИЙ БӨЙНЕСІДІ.

Қандай да бір ауруға шалдығып, балалардың денсаулығын бақылауға және қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

АЙМАҚ БУРҒАУЫНДА ТІРІСТІ ҚИЙ БӨЙНЕСІДІ.

Қандай да бір ауруға шалдығып, балалардың денсаулығын бақылауға және қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ҚОРҒАСЫННЫҢ ӨСІРІН АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ

Қорғасынның зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

СВИНЦ — «КІШІ» ҰЛД

Свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алу үшін зерттеу жүргізіліп отыр. Зерттеу нәтижесінде балалардың денсаулығын бақылауға және свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

«БЕЗОПАСНО» КОНЦЕНТРАЦИЯ СВИНЦА В КРОВИ НЕ СУЩЕСТВУЕТ!

Свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ПРОСИМ ВАС ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В ИССЛЕДОВАНИИ

Жаңа зерттеу жүргізіліп отыр. Зерттеу нәтижесінде балалардың денсаулығын бақылауға және свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ОБАҚА ЭТОЙ ПРОБЛЕМЕ НЕ ДЕДЕТСЯ ДОЛГОГО ВНИМАНИЯ.

Қандай да бір ауруға шалдығып, балалардың денсаулығын бақылауға және свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

ВОЗДЕЙСТВИЕ СВИНЦА МОЖНО ПРЕДОТВРАТИТЬ

Свинцтің зиянды әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға мүмкіндік бар екенін білуге болады.

Сурет 1. Оқу туралы 2 тілде (қазақ және орыс) ақпараттық парақшалар түріндегі үлестірме материал.

сұхбат жарияланды.

«Хабар» телеарнасында 21.01.2021 күні сағат 21:00-дегі күннің қорытындысы бағдарламасында (<https://www.youtube.com/watch?v=leomDuHL-l>) «Халықаралық Азия клиникасының» директоры А.Е. Нарбаеваның қатысуымен (11-ден 15 минутына дейін), бұл зерттеу жайлы сұхбат жарияланды.

3. Жоспарланған жас санаты бойынша респонденттердің қажетті санын (1000 бала) жинақтауда жоғарыда айтылғандай қиындықтар туындады.

Зерттеудің жаңалығы сияқты жағдайларды ескере отырып, сондай-ақ жоспарланған жасы кіші немесе үлкен балалардың ата-аналарының Зерттеуге қатысу ниеті сияқты фактілерді ескере отырып, ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар қорының келісімімен жас диапазоны кеңейтілді.


Осылайша, алынған мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша зерттеуге 0-ден 20 жасқа дейінгі 1000 адам ғана қатысты (3-суретті қараңыз).

Сонымен қатар, зерттеу барысында респонденттердің саны сәйкесінше небәрі 27 және 41 адамды құрайтын, Шымкент пен Қарағанды қалалары іс жүзінде одан «шығып» қалды. Сондықтан ЮНИСЕФ-пен келісе отырып, респонденттердің жетіспейтін санын Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының есебінен толтыру туралы шешім қабылданды.

Дала жұмыстары, жоспарланған 2020 жылдың желтоқсан айының орнына, 2021 жылдың 30 сәуірінде аяқталды.

Далалық жұмыстардың нәтижелері бойынша, балалардың көктамыр қанының ағзадағы қорғасынның мөлшерін анықтауға арналған, сауалнама мен зертханалық зерттеулердің нәтижелерінен алынған мәліметтер базасы қалыптастырылды.

Қатысушыларды қалалар бойынша бөлу: Нұр-Сұлтан – 511, Алматы – 421, Шымкент – 27 және Қарағанды – 41 адам (2-ші суретті қараңыз).



2-ші сурет. Зерттеуге қатысқан аймақтардың диаграммадағы үлесі.

Бұл зерттеу анонимді болды. Осыған байланысты, қатысушылардың (респонденттердің) жеке төлқұжат деректері талдамалық бөлімге енгізілмеді және жария етілмеді.

Ері info статистикалық талдау бағдарламасының көмегімен талданып, алынған мәліметтердің сипаттамасы

Айта кету керек, барлық респонденттер барша сұрақтарға жауап бермеді. Осыған байланысты, кейбір күтпеген кестелерде алынған жауаптар саны респонденттердің санынан аз (1000 адамнан аз).

Сауалнама 2020 жылдың қарашасы және 2021 жылдың сәуірі аралығында жүргізілді.

Респонденттердің жас құрамы 1 жастан 20 жасқа дейін. 19 және 20 жастағылар біздің топта болмағандықтан, талдауға қосылмады. Осылайша, 998 жазбадан тұратын деректер жазбалары талданды.


«Жасы» деген бағананы барлық респонденттер толтырды. Бұл сұраққа жауап берген респонденттердің ең көп саны келесі жастағылар болды: 5 жас – 126 адам (12,6%), 7 жас – 123 адам (12,3%), 6 жас – 117 адам (11,7%) және 4 жас – 93 адам (9,3%).

Осы зерттеудің нөлдік гипотезаларының бірі «жынысы баланың денесіне ұзақ уақыт енуі кезінде қандағы қорғасын концентрациясына әсер етпейді» деген бекіту болды. Яғни, ұлдар да, қыздар да қорғасынмен улануға бірдей бейім. Респонденттердің жынысы бойынша бөлінуі 4-суретте көрсетілген. Сызықтық регрессия кестесінде көрсетілгендей, Р-мәні 0,005-тен төмен, бұл нөлдік гипотезаны растайды.




3-ші сурет. Зерттеуге қатысушыларды жас бойынша бөлу гистограммасы.

Ұлдар мен қыздар арасында, қатысушыларды жас бойынша бөлу.




4-ші сурет. Ұлдар мен қыздардың жас ерекшеліктері

Қалалардағы қатысушыларды жас бойынша бөлу




5-ші сурет. Зерттеу жүргізіліп жатқан қалалардағы жастың диаграммасы.

Қатысушыларды қан құрамындағы қорғаныс деңгейі бойынша бөлу



6-шы сурет. Зерттеу жүргізіліп жатқан өңірлердегі, қандағы қорғаныстың шоғырлануы бойынша диаграмма

Қатысушыларды қан құрамындағы қорғаныс деңгейі бойынша ұлдар және қыздар арасында бөлу




7-ші сурет. Қандағы қорғаныстың жыныс бойынша шоғырлануы жөніндегі диаграмма

